

1 Мамыр – Бірлік күні **«Қазақстан – біртұтас ел» мерекелік іс – шара**

2025 жылдың 30 сәуірінде ППТК мұғалімдері 1 мамыр – Бірлік күніне арналған «Қазақстан – біртұтас ел» атты көктем және еңбек күніне арналған мерекелік іс-шара өткізді. Іс-шара балалардың басқа ұлттарға деген құрмет пен сыйластық сезімін дамытуға және осы мерекенің тарихы туралы білімдерін кеңейтуге бағытталған. Шараға балалар, ата-аналар, мұғалімдер қатысты.

Іс-шара ата-аналар мен балаларды Қазақстан халықтарының бірлігі күнімен құттықтап, денсаулық, бақыт, береке-бірлік тілеуден басталды.

Әдіскер Елясова М.Ж. ата-аналармен қызықты викторина өткізді. Ата-аналар викторинаға белсене қатысып, сұрақтарға жауап берді. Сондай-ақ «Ұлт картасы» атты танымдық ойын өткізілді, онда ата-аналар мен балалар төрт ұлттың картасы бойынша заттарды сәйкестендірді. Балалар мен ата-аналар тапсырманы қызығушылықпен орындады.

Дидактикалық ойыннан кейін педагог психолог Ермуханова А.Х. ұлттық флешмоб өткізді. Мұнда балалар орыс, қазақ, украин, кавказ, өзбек сынды ұлттардың музыкасына билеп, шығармашылық қабілеттерін көрсете білді.

ППТК оқушысы Зарина өзбек биін нақышына келтіре орындап, тамаша өнер көрсетті.

Дене шынықтыру мұғалімі Сирко Е.Г. «Көлік жарысы», «Мысықтар мен тышқандар» сияқты халық ойындарын өткізді. Балалар ойындарға белсене қатысып, жылдамдық пен тапқырлығын көрсетті.

Халық ойындарынан кейін мұғалім логопед-дефектолог Берік А.Е., ата-аналармен, балалармен және ұстаздармен бірге «Ақ көгершін» әнін орындап, іс-шараға ерекше көңіл-күй сыйлады.

Мерекелік іс-шара шаңырақ көтеру рәсімімен аяқталды. Ұстаздар, ата-аналар және балалар бірге шаңыраққа Қазақстанда тұратын түрлі этностар арасындағы бірлік пен татулықтың белгісі ретінде лента байлады.

Мереке жылы әрі қуанышты атмосферада өтті. Барлық ата-аналар мен балалар сайысқа белсене қатысып, викториналық сұрақтарға жауап берді, би биледі, ойнады, ән шырқады. Барлық балалар шағын сыйлықтармен марапатталды.

Іс-шара балалардың басқа ұлттарға деген құрмет пен толеранттылық сезімін дамытуға және осы мерекенің тарихы туралы білімдерін кеңейтуге көмектесті. Мерекелік жиын ППТК өміріне бірлік пен ынтымақ атмосферасын әкелгені сөзсіз. Іс-шара соңы ата-аналар тарапынан осындай мереке үшін ППТК ұжымына шын жүректен алғыс айтып, баршаға бақыт пен жақсылық тілеумен аяқталды.

Дайындаған: мұғалім логопед-дефектолог Берік А.Е.





